

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 20 желтоқсандағы N 3279 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілеріне тәртіптік жазалар қолдану тәртібі туралы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 3 желтоқсандағы N 3764 "Қазақстан Республикасының Жоғары тәртіптік кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 21 қазандағы N 3705 U973705_ Жарлығына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 20 желтоқсандағы N 3279 U963279_ Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілеріне тәртіптік жазалар қолдану тәртібі туралы Ережеге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

V тараудың 2-тармағында:

1) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"1) Мемлекет басшысы тағайындайтын қызметшілерге, Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларына және олардың орынбасарларына, орталық атқарушы органдардың басшылары мен олардың орынбасарларына, облыстардың, Ақмола мен Алматы қалаларының әкімдері мен олардың орынбасарларына өз бастамашылығы бойынша, Қазақстан Республикасы Жоғары тәртіптік кеңесінің ұсынуы бойынша, осы қызметшілердің тікелей басшыларының немесе Мемлекет басшысы уәкілдік берген лауазымды адамдардың ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қолдануы мүмкін";

3) тармақшадағы "Үкімет Аппараты", "оның Аппараты" сөздері тиісінше "Премьер-Министр Кеңесі, "оның Кеңесі" сөздерімен алмастырылсын. "Үкімет Аппараты" сөздерінен кейінгі "орталық атқарушы органдар" сөздері алынып тасталсын.

4) тармақшадағы "Үкімет Аппаратының", "оның Басшысы", "оның Аппаратының" сөздері тиісінше "Премьер-Министр Кеңесінің", "Премьер-Министр Кеңесінің Басшысы", "Премьер-Министр Кеңесінің" сөздерімен алмастырылсын;

V тарау мынадай мазмұндағы жаңа 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Мемлекет басшысына тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшылары мен олардың орынбасарларына, орталық атқарушы органдар басшылары мен олардың орынбасарларына, облыстардың, Ақмола мен Алматы қалаларының әкімдеріне және олардың орынбасарларына

катысты тәртіптік істерді Қазақстан Республикасының Жоғары тәртіптік кеңесі қарап, кейіннен олардың тәртіптік жауапкершілігінің деңгейі жөнінде Республика Президентіне ұсыныс енгізеді";

V тараудың 3-7-тармақтары тиісінше 4-8-тармақтар болып саналсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті